

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_____

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02 - 16.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, меңгерген дағдылар жайлы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру;	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері

және басқалар)	алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті)	тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті)	қажет ететін кітаптарды таңдап, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті)
	Үстел үсті ойын. "Жартысын тап". Мақсат-міндеттер. Зейінін дамыту, байқампаздыққа үйрету. Балалар тұрмыстық техниканың жарты бөлігін табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу.	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті. Балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын,	"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-	Санамақ Санамақтың сан түрін, Кәне, біздер санайық! Онға дейін санды біз Қолымызға алайық! Бір,екі, үш Тандайықшы түс. Төрт,бес, алты Тату доспыз жалпы. Жеті, сегіз, тоғыз Мынау - қоңыр қоңыз,

		(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі. Екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	әрекеті)	Мына саным-он, Қыста киём тон. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - 4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар жасайды; 5 - 6 - ленталарды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7 - 8 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында. 1 - оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - 4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5 - 8 - лента ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; 9 - 10 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу. 1 - аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге лента ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек (жаттығу 5-6 рет қайталанады).				

	4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - 3 - алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, лента ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, ленталарды толқындату; 4 - тез тіктеліп, лента ұстаған қолдарын артына жіберу; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығу 8 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау. 1 - тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, лента ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - келесі аяғымен жаттығуды қайталау (жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1- 4 - лента ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналуды; лентамен толқынды қимылдар жасау; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығуды 4-5 рет қайталау). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 8-10 рет қайталанады). 8. Тыныс алу гимнастикасы. (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым.

	Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Кім бәрінен де зейінді". Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (сөйлеуді дамыту)	"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, көру қабілеттерін арттыру; көздің қарашығын демалдыру жаттығуларын жасату. (зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)	Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйі мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (сөйлеуді дамыту)	Жаңылтпаштарды қайталау. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. (көркем әдебиет)
Мектепке дейінгі	Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері	Математика	Математика	Сауат ашу негіздері

ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	"[ж] дыбысы және Жж әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру. Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету.	"[ж] дыбысы және Жж әрпін пысықтау". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыру. Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету.	негіздері "Футбол көруге барғанда" Мақсат-міндеттер: балалардың "нөл" саны және цифрмен таныстыру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру; нөл цифрын жазуға машықтандыру.	негіздері "Футбол көруге барғанда" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың "нөл" саны және цифрмен таныстыру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру; нөл цифрын жазуға машықтандыру.	"[п] дыбысы және Пп әрпі". Мақсат-міндеттер: [П] дыбысын және П әріпін таныстыру. Артикуляция бойынша п дыбысын дұрыс айтуға үйрету.
	Қазақ тілі "Тұрмыстық техника мен адам. "Тұрмыстық техника патшаны қалай іздеді?" өлеңін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балалардың азақ тіліндегі өлеңді тыңдауға, техниканың пайдасы туралы ойлауға, өлеңнің жолдарын дәйексөз түрінде	Математика негіздері "Футболшылар қатарының реттік саны" Мақсат-міндеттер: балалардың "нөл" санымен таныстыру, санның ең кіші сан және барлық сандардан кем саны туралы түсіндіру; 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру.	Қазақ тілі "[Л] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [Л] дыбысының артикуляциясын нақтылақ, [Л] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, көру және	Сөйлеуді дамыту "Компьютер пайдалы ма, әлде зиян ба?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға техника туралы мәліметті беруді кеңейтіп, оның ішінде компьютерге толықтай тоқталып өту; балаларға компьтерді дұрыс пайдалану туралы айту.	Құрастыру "Біз көмекшіміз" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары: цилиндр, тақтайша, текше, кірпіш, призманы пайдалана отырып жүк көлігін құрастыруды үйрету. Дене шынықтыру "Қалай өрмелей аласыңдар?" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды 3-4 доғаның астынан еңбектеп өтуге

	айтуға дағдыландыру. Дене шынықтыру "Гимнастикалық сатыда әртүрлі тәсілмен өрмелеу" Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық сатыда түрліше тәсілмен өрмелеуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техниканың адам тіршілігіндегі алатын орны жайындағы білімдерін жалпылау және тиянақтау; тұрмыстық техника түрлерін қолдану	Музыка "До-Ре-Ми" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу, ән айту кезінде әуеннің мағынасын эмоционалды қабылдай білу, топпен ілесе білу қабілетін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "Компьютер пайдалы ма, әлде зиян ба?" Мақсат-міндеттер: балаларға техника туралы мәліметті беруді кеңейтіп, оның ішінде компьютерге толықтай тоқталып өту; балаларға компьютерді дұрыс пайдалану туралы	есту қабілетін дамыту. Дене шынықтыру "Қалай өрмелей аласыңдар?" Мақсат-міндеттер: балаларды 3-4 доғаның астынан еңбектеп өтуге үйрету. Көркем әдебиет "Қол не үшін керек?" Мақсат-міндеттер: әңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек затты ұстау үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатыны ұғындыру.	Музыка "Біз шадыман баламыз" Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: балалардың күнделікті өмірде адам қолданатын электр құрылғыларының түрлері мен мақсаты, олардың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін жалпылау.	үйрету. Көркем әдебиет "Қол не үшін керек?" (қайталау) Мақсат-міндеттер: әңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, қолдың не үшін керек екендігін, тек затты ұстау үшін ғана емес, әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адам қолымен жасалатыны ұғындыру.
--	--	---	---	--	--

	ережелерін пысықтау.	айту.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті)	Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қарға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек	Қар ұлпаларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қар ұлпасының қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдың қарын тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбекке позитивті қатынасты тәрбиелеу.	Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек	Қыстайтын құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштардың айналасына қар күреу.) (еңбек іс-

Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: дәлдікті дамыту.	тапсырмалары (учаскедегі жолдардан қар мен қоқыстарды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қатарға қойылған	Қимыл - қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды соғып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету.	тапсырмалары (қардан төбешік жасау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл - қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. (дене шынықтыру)	әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбек етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; затты лақтырғанда дәлдік пен күшті дамыту.
--	---	--	---	---

		заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әртүрлі массаж (уқалау) жасайды. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Үйдегі тұрмыстық техника" Мақсат-міндеттер: адам көмекшілері туралы білімдерін кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электртоғы, тұрмыстық техника туралы білімдерін арттыру. Дидактикалық ойын. "Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктірі". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың	Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман". Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған	Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсең, сондай санды көрсет". Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзбен көріп, санап ала білу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуде ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары;	Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12ге де	Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір қатарға отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзбау шарт екенін түсіндіру керек. Жүргізуші бірінші

(құбылыстардың, жан-жануарлардың, адамдардың, ұғымдардың) ортақ қасиеттерін байқап, біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар). Педагог өзінің қалауынша, көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді. Педагог осы жаттығуды ауызша	суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы -	үлестірмелі сандар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат". Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны	жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып тұрғанда, педагог ойыншықтың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін атайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту;	болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сөзді сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауысын шығарып бәріне жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін,
---	--	---	--	---

да жүргізе алады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша". Мақсат-міндеттер. Балалардың балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі жұмысы туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс	күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус". Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар (жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы) туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, оны ұстануға	туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемеі жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің	көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері;	бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар". Мақсат-міндеттер. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы
--	---	--	---	---

істейтін мамандарға қажетті құралдар (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы). Шарты. Алдымен балалар өз еркімен балабақша қызметкерлерін тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жұмыстарын жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қатынастардың	ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты. Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі	макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз	ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік	ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар
---	--	--	--	--

	нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	уақытта әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты	порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға	ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай
--	--	--	--	---	--

		жүргізіу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндік болса, педагог дыбыстық хабарландыруды жазып қояды. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орындарын беру туралы өнегені көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог балалармен	кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше		терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді. Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың
--	--	---	---	--	---

		бірге қорытынды жасайды. Автобуска отырып жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалу шарттарын қадағалау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)		міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып,
--	--	--	---	--	---

					билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады.
--	--	--	--	--	---

					Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.	"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны. Дидактикалық	Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу.	"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды

	Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. (сөйлеуді дамыту)	міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу. (сөйлеуді дамыту)	(көркем әдебиет)	ойыны. Мақсат-міндеттер. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)	қайталаймыз". Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; колдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателесе, сол жүргізуші атанады. (дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес				

	әрекет)
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын. Үсті -басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді,

бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапозонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
--	---

	Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама.	«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды көресіздер?»	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.	Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.